

«Алға ауылының негізгі орта мектебі»

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиелік сараптама

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге,

абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылының аясында **"Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт-"** тақырыбында салтанатты жиын өткізілді .. Жиынымыздың ашылуы салтанатында Мемлекеттік Ту кіргізіліп, Әнұран орындалды. Жиынның ашылуын мектеп директоры Қ.Қаудановнаға сөз берілді, Оқушылар концерттік бағдарлама көрсетіп, ауылдық округ әкімі Шакиров Н.А және ата – аналарға сөз кезегі берілді Жиыннан кейін **«Мектебім -мейірім мекені»** тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді.

Мектебімізде даярлық сыныпқа 4 оқушы, 1 сыныпқа 7 оқушы мектеп табалдырығын аттады. Биылғы оқу жылында барлығы 1-9 сынып бойынша 28 оқушы білім алады. Мектебіміз жаңа оқу жылына дайын.

<https://www.facebook.com/share/p/1ArfgDANDH/>

<https://www.facebook.com/share/v/16vonYuXfF/>

Мектебімізде Тілдер күніне орай жоспар құрылып бекітілді 2023 жылдың 8-қыркүйек Қазақстан халқы тілдер күніне байланысты "Мағжан Жұмабаев заманның заңғар тұлғасы " атты жалпы қазақстандық ашық диктант өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1ARkd9nUq1/>

Тіл мерекесінің онкүндік күндік апталығы аясында «Тіл мерейі, ел мерейі» атты сынып сағаты 7-9 сынып оқушылармен өткізілді. МАҚСАТЫ: Жас ұрпақты ана тілінің қадір - қасиетін түсіне білуге шақыру. Олардың халқына деген, тіліне деген махаббатын арттыру.

<https://www.facebook.com/share/p/14DU3C5Kx6V/>

Тілдер күніне байланысты "Мемлекеттік тіл мақтанышым" тақырыбында оқушылар эссе жазды. 5-9 сыныптар арасында "Қазақ тілі - Мәңгілік ел тұғыры" атты сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Тіл мерекесі туралы мәлімет беру, тілге деген құрметтерін жаңғырту. 5-9 сыныптар арасында Қазақстан халқының тілдер күніне орай "Тіл - достықтың алтын көпірі " атты сурет байқауы өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/16LzcjsTve/>

"Бір тоқсан - төрт өнер" ұлттық мәдени - ағартушылық жобасы аясында мектебімізде 5-8 сынып оқушылармен "Ақындар айтысы " танымдық сабақ ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Оқушыларға айтыс өнері туралы толық мағлұмат беріп, оның түрлерімен таныстыру. Халық - ақындық жанр мен әншілік, ақындар, аспаптық орындаушылық арасындағы өзара байланысты ояту. Қазақ халық ақындарын оқушыларға таныстыру. Айтыс өнерін қадірлей білуге үйрету. Оқушының ой

- өрісі мен дүниетанымын жетілдіріп, қазақтың атадан балаға мирас болып қалған айтыс өнерін бағалай білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1Bu9tYHYpT/>

Отбасы күніне орай 7-8 сынып оқушыларымен "Отбасы бақыт мекені" тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға отбасы туралы мағлұмат бере отырып, отбасын құрметтеуге, кішіге қамқор болу, тату болуға тәрбиелеу.

Оқуға құштар мектеп жоба аясында 2 сынып оқушылары ертегілер оқыды. Мақсаты: ертегілер туралы түсініктерін қалыптастырып, ертегілерге қызығушылығын арттыру. Балалардың сөздік қорларын дамыту. Сөзді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту.

“Жолда жүру ережесін сақтайық!” атты 1- сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты:

1. Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру.
2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету.
3. Оқушыларды сақтыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/198kCPTSsR/>

«Көп еңбегі-көңілді» демей ме дана қазақ. «Еңбек күні» мерекесіне оқушылар «Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында эссе жазды. Қазақ тілі, әдебиет пән мұғалімі Алия Амантаевна ұйымдастырды.

Бұл мерекенің мақсаты-еңбексүйгіштікке, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға баулу. Кімде-кім пайдалы еңбекпен айналысса, сол адам қоғамның лайықты азаматы бола алады. «Еңбек Күнін-әрбір қазақстандықтың адал, ақ ниетті, кәсіби жұмысы, оның келешекке қосқан үлесі» деп бағалайық.

Елің сені елесе, Еңбегіңнің жанғаны

Еңбек етсең-еленерсің, Еңбегіне кенелерсің.

<https://www.facebook.com/share/p/14KHpvGAEU/>

5-6 сынып оқушылары арасында "Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың өз пікірлерін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер бере отырып, денсаулық құндылығы, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Денсаулықты күтуге, дұрыс тамақтана білуге үйрету. Балалар мен жасөспірімді дұрыс тамақтандыру олардың денсаулығын нығайтып, дене және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді, еңбек ету мен сабақ үлгеру қабілетін артырады.

<https://www.facebook.com/share/p/1DvBzrK6Kd/>

"БІР ТОҚСАН-ТӨРТ ӨНЕР" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы жалпыұлттық идеяны жүзеге асыру мақсатында "

7-8 сынып оқушылар арасында "Сөз төресі-шешендік өнер" атты сайыс өткізілді.

Мақсаты: Ата-бабамыздан асыл мұра болып қалған тілімізді салтымызды, асыл сөздерді өскелең жас ұрпаққа мирас ету, сөз қадырын түсінуге тіл байлығын сөздік қорларын арттыру

<https://www.facebook.com/share/p/16LC7QXE5g/>

«Еңбек күні» мерекесіне Алға ауылының негізгі орта мектебінде 2-4 сынып оқушылармен "Менің жетістігім- менің нәтижем" атты сынып сағаты

өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өз болашағын, бағыттарын айқындауға, мақсат қоя білуге үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/1GYrVHk4T4/>

"Еңбек күні" мерекесіне топсеруен. Мақсаты: Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру; еңбек жасай білу дағдыларын дамыту, еңбекке қызығушылықтарын арттыру; еңбектенуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Алға ауылының негізгі орта мектебінің 1 сынып оқушыларымен ауылдың наубайханасына топсеруен жасадық. Жеке кәсіпкер Сманова Гүлзира нанның қалай пісіретінін көрсетіп, таныстырып өтті. Маңайдағы ауылдарды да нанмен қамтамасыз етіп отырғанын айтып кетті. Балаларға өте қызықты болды. Олар дастарқандарындағы нанның қалай келетінін біліп, "Қайдан келдің бауырсақ?" ертегісімен таныс екенін айтты.

<https://www.facebook.com/share/p/19AjEzqxHe/>

Еңбек күніне орай "Еңбек - түбі береке" атты 9- сынып оқушылармен сынып сағаты өткізілді.

Оқушылардың еңбек туралы түсініктерін кеңейту.

Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру; еңбек жасай білу дағдыларын дамыту, еңбекке қызығушылықтарын арттыру; еңбектенуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1ATVH3UtSw/>

"Адал еңбегің — сенің жемісің" 7-8 сынып оқушылармен адалдық сағаты өткізілді

Адалдық сағатының мақсаты: адалдық, шыншылдық қасиеттерін қалыптастыру, мейірімділікке тәрбиелеу, ақылдылықты, қарапайым-кішіпейілділікті, инабаттылықты, шыншылдықты үйрету.

Рухани адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтықсыз қалыптастыру .

«Адалдық адамдықтың белгісі»

Мақсаты: Оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік беру.

Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т. б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін - бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/16qEHHapX3/>

1- қазан халықаралық қарттар күніне орай 7-8 сынып оқушыларымен

"Қарттар қадірлеген ел ардақты" атты сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға ұлттық қадір - қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру.

<https://www.facebook.com/share/p/16qEHHapX3/>

"ТӨРТ ТОҚСАН-ТӨРТ ӨНЕР" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы жалпыұлттық идеяны жүзеге асыру мақсатында "

"Мәңгілік ел және ұлы дала құндылықтары" тақырыбында 7-8 сынып оқушылармен дөңгелек үстел өткізілді

<https://www.facebook.com/share/p/19hXL3Ucad/>

7-8 сынып оқушыларымен "Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ" атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға зорлық - зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы заң бар екенін айту.

<https://www.facebook.com/share/p/16TvneKFMq/>

2-4 сынып оқушыларымен Қарттар күнін айлығына орай, "Қарттар қадірлеген ел ардақты" атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаттары:

Оқушыларды адамгершілікке, қайырымдылыққа, жақсы үлгі өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне, мейірімділікке, қарияларды құрметтеуге тәрбиелеу. Сынып жетекшісі: Отарбаева А.С

<https://www.facebook.com/share/p/16m545PXNz/>

"Буллинг деген не ?" Тақырыбында 7 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағатының мақсаты: Қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу.

<https://www.facebook.com/share/p/1C1Pctdf33/>

25- қазан Республика күніне орай мектебімізде 8-9 сынып арасында Жалпы Республикалық " Атамекен " тақырыбында патриоттық диктант өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1J4xdtqFwY/>

"Адамгершілік жыныстық тәрбие" атты 7-8 сынып қыздарымен сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: жасөспірімдердің салауатты өмір салтына, отбасының амандығы мен бақытына деген құнды қарым-қатынасын қалыптастыруға ықпал ету.

<https://www.facebook.com/share/p/199xjfnCR3/>

25 қазан Республика күніне орай "Ұлттың ұлы ұстаздары" атты шығармашылық көрме ұйымдастырылды.

Ұйымдастырған кітапханашы Бекенова Г.С.

<https://www.facebook.com/share/p/16HiTif6o6/>

Мектебімізде

"Қарттарын қадірлеген ел ардақты".тақырыбында

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай Алға ауылындағы мәдениет ошағында Уәлихан ауылдық округі әкімшілігі мен мектеп ұжымы бірлесіп ауыл қарттарына құрмет көрсету мақсатында концерттік бағдарлама мен ақ дастархан жайып ыстық ықыластарын көрсетті.

Мектеп оқушылары би билеп, әннен шашу шашып, ауылымыздың клуб меңгерушісі С.Бүркітхан кештің көркін кіргізіп, әнмен әрлеп, түрлі ойын ұйымдастырды. Шара соңында ауылымыздың қарттары барша шараның өтуіне себепші болғандарға ақ баталарын беріп, жылы лебіздерін арнады. Қолдау көрсетіп, демеушілік жасаған шаруа қожалықтарына әкімшілік атынан алғыс білдіреміз

<https://www.facebook.com/share/r/16eGcteo4q/>

Республика күніне орай "Егеменді Қазақстанның қалыптасу мен жетістіктері" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ұйымдастырған кітапханашы Бекенова Г.С.

<https://www.facebook.com/share/p/16TMqwE2ru/>

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылына мектеп президентін сайлау алдында үміткерлер 8-сынып оқушылары Бекенова Жансая , Булатова Жұлдыз , Олжабай Ақниет

өз сайлау алдындағы бағдарламаларын ұсынды

<https://www.facebook.com/share/p/18qf9EjCcM/>

Мектебімізде Республика күніне орай "Қазақстан менің арманым" тақырыбында эссе жазды. 5-9 сынып оқушылар арасында жақсы жазған оқушылар таңдалды. Барлығы 16 оқушы жазды. Ұйымдастырған пән мұғалімі Бекенова А.А

<https://www.facebook.com/share/p/16yXF39SuE/>

Қазақстан Республикасы күніне орай 3-4 сынып оқушылар арасында "Менің елім Қазақстан" тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Өскелең ұрпақтың адамгершілік-патриоттық, азаматтық жауапкершілік сезімдерін ояту, жас ұрпақты Отанын, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу, балаларды жалпыазаматтық құндылықтарға және мәдениетке тарту, сондай-ақ балалардың сурет шығармашылығын дамытуға.

<https://www.facebook.com/share/p/1CjDdEHecM/>

"Электрондық темекі туралы мифтер және шындықтар " тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты. Темекінің адам өміріне зиянды және улы екенін түсіндіре отырып, оқушыларды саналылыққа, тазалыққа, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу. Ұйымдастырған әлеуметтік педагог Бекенова А.А

<https://www.facebook.com/share/p/1E42TsVPhe/>

7-8 сынып оқушыларымен "Адамгершілік асыл қасиет" атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты:Адамгершілікке кешіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету.Адам бойында ұнамды,ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып,әдеп әліппесін бойына дарыту.

<https://www.facebook.com/share/p/18wdaAnfZc>

Өзін өзі басқару ұйымының мүшелері ұйымдастыруымен 2-4сыныптар арасында "Туған өлкем"атты тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Өзін-өзі басқару ұйымы Мектеп парламентінің"Спорт және салауатты өмір салты "фракциясының басшысы ұйымдастыруымен 2-4және 5-9сыныптар арасында ұлттық ойындар тозыз құмалақ, бес асық ,асық ату, сайысы өткізілді.

Мектебімізде 2-4 сынып оқушыларымен «Қауіпсіздік шаралары» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: оқушылардың жолда жүру, су, өрт, мұз қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру, ережелерде есте сақтап, оларды орындауға баулу, ұқыптылыққа, жауапкершілікке бағыттау.

Пиротехникалық бұйымдарды қолданғанда қауіпсіздік қатан сақталу керек .Пиротехникалық заттарды қолдану ережелері, оттың тілсіз жау екендігін және одан сақтанудың жолдарын,қатерлі нәрседен аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында "Абайлаңыз Отшашу мен пиротехника тақырыбында бейнероликтер көрсетіп ,түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

5-9 сынып аралығындағы оқушыларына “Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: қыс

мезгілінде жолда жүру ережесін толық сақтауға және мұздағы қауіпсіздік шараларын сақтау.

қатпаған мұз үстіне шықпау;

мұз үстінде топ болып тұрмау;

мұз жарылған, шұңқыр жерлерге жақындамау;

биік жардан шана, шаңғымен сырғанамау.

Зорлық -зомбылықтың алдын алу мақсатында 7-8 сынып оқушыларымен "Қатігездік пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ" атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру,адамның ең жаман қасиеті екенің айту.Адамзаттық құқықтарымен бас бостандытарын қорғауы туралы үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/12McXSc6E7U/>

Мектебімізде 5-9сынып оқушылары **"Жүсіп Көбеевтің 165жылдығына** байланысты эссе,шығарма жазды."Мақсаты: ақпарат көздері арқылы Мәшһүр Жүсіп Көбеев шығармашылығы туралы түсініктерін кеңейту, әңгімелерінің мазмұны мен идеясын меңгерту, алған білімдерін ауызша және жазбаша тілде пайдалануын қалыптастыру.Пән мұғалімі А.Бекенова.

<https://www.facebook.com/share/p/1R3YqeXwjT/>

"Буллинг және кибербуллинг ?" Тақырыбында 7 -сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағатының мақсаты: Қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу
15 қараша Ұлттық валюта күніне орай **"Ұлттық валюта-ұлт мақтанышы"** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/shkola.alga/posts/pfbid0rci4EsZ1Y4PDBC3AgoYAuwuFqfErKMQ7FvmL448cYico1REdQNHM9D6wYsnYDzBbl>

Зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында "Мен зорлық зомбылыққа қарсымын" атты тақырыбында 7-8сынып оқушыларынан сауалнама алынды.Сауалнама7-8сынып оқушылар арасынан 8 білім алушы қатысып 10сұрақтан тұратын сауалнамаға өз жауаптарын берді.

<https://www.facebook.com/share/p/12McXSc6E7U/>

15-қараша Ұлттық валюта күніне орай "Ұлтық валюта-теңге" тақырыбында 2-4 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.Сабақтың мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып,сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменнен байланысты оқушылардың мүмкіндігін дамыту. Туған жеріне , отанына сүйіспеншілігін ояту.<https://www.facebook.com/share/p/12LjN7AinBf/>

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-8сынып оқушылар арасында "Бала құқығы асыл қазына"атты тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты:Оқушылардың адам құқығы оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту,әр адам өз құқығын біліп,өзгенің құқығын бұзбауға үйрету,құқықтық тәрбие беру.

<https://www.facebook.com/share/p/1FvmVVx2Py/>

Мектебімізде салтанатты түрде ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада басталды. Биыл тұңғыш рет өткізіліп отырған білімнің мақсаты ауыл мектептеріндегі дарынды оқушыларды анықтап, қолдау көрсету. Аталған олимпиадаға мектебімізден 2оқушы қатысып, өз білімдерін сынайды. Ашылу салтанатына мектеп басшысы К.Кауданова және пән мұғалімдері оқушыларға сәттілік тіледі.

<https://www.facebook.com/share/p/16V1QpqFHy/>

АТА-АНАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

Ата-аналарды қолдау орталығы 9- сынып жетекшісі Бекенова А.А. «Баланың бас ұстазы ата - ана» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Жиналысты сынып жетекші ата-аналармен «Амандасу» тренингі арқылы ашты.

Жағдаяттар және сұрақтар бойынша, әр ата -аналар өз ойларын ортаға салды. Жиналыста сынып жетекші ата-аналармен жаңа форматта, тренингтер мен еркін сұхбат құрып, түрлі ойындар арқылы ата-аналардың белсенділігін арттырған мазмұнды шара болды. Ұрпақ тәрбиесі- ең ұлы міндет десек, осы міндетті мүлтіксіз орындау мектеп педагогтарымен қатар ата-аналардың да жауапкершілігінде. Сондықтан бала болашағын қалыптастыруда ата-ана мен ұстаз үнемі бірлікте болса ғана қоғамды дұрыс бағытта қалыптастыратын саналы ұрпақ тәрбиеленетіндігі айқын екендігін

<https://www.facebook.com/share/p/16cdeSUERY/>

“Тоғыз айға, тоғыз іс-шара” тұжырымдамасы аясында жоспарға сәйкес қараша айында қазақ халқының “Асық ату” ойыны ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Ri4Sk1CfV/>

"Оқуға құштар мектеп" жоба аясында 6-8сынып білім алушылары үзілісте кітап оқуды жалғастыруда.

<https://www.facebook.com/share/p/1NinMEGNyC/>

Темиргалиева Х.К ауылымыздың медбекесі "Қызылша" тақырыбында ата -аналармен жиналыс өткізді. Қызылша (корь) ауруының өте жұқпалы инфекция екендігі, оның алғашқы белгілері және алдын алу шаралары туралы түсінік берілді. Қызылша ауруының белгілері қандай болатыны таныстырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/16azbU6Xsn/>

"Құқықбұзушылық және жасөспірім" тақырыбында 9 -сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/p/1ByTXv35fi/>

Салауатты өмірді дәріптеу, зиянды әдеттерден сақтану мақсатында 7-8сынып оқушылар арасында "Электронды темекінің зияны" атты тәрбие сағаты өткізілді. <https://www.facebook.com/share/p/1MeQChiSuF/>

7-8 сынып оқушылар арасында "Жолда жүру ережелерін сақтаймыз" атты ақпараттық сағат өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға жолда жүру ережесін еске түсіру арқылы білімдерін тиянақтау, іс жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/1FteKE2p1D/>

1 желтоқсан - Дүниежүзілік СПИД – ке (ЖИТС) қарсы күрес күніне орай мектебімізде жоғары сынып оқушылары арасында «АИТВ /ВИЧ - инфекциясына жол жоқ!» тақырыбында Курумбева А.С ұйымдастыруымен сынып сағаты өткізілді.Қатерлі дерт дегеніміз – қазіргі заманымыздың кесел ауруы екендігі оқушыларға түсіндіре отырып, есірткілердің дәуірлердің айырмашылығын, олардың аттары мен түрлерін, ауруларының белгілерін ажырата білуге үйретіп, алдын алу жолдарын қарастыру. Оқушылардың өмірге, әсіресе адамзат ұрпағына деген аяушылық сезімін тудыра отырып, аурудың алдын алуды үйрету. Жаман әдеттен бойларын аулақ салуын, оқушылардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қалыптастыру дамыту. Оқушылардың достық , ұйымшылдық, ынтымақтастық қасиеттерін иемденіп, есірткімен күрес жолында белсенді тұлға болып өсуге тәрбиелеу

<https://www.facebook.com/share/p/16fqht5fnQ/>

Қай ұстаз болмасын өз шәкіртінің дұрыс сөйлеп, ойын шебер жеткізе білгенін қалайды. Бұл орайда пән мұғалімдерінің рөлі ерекше деп ойлаймын. Баланың сөз мағынасын, сөйлем мәнін ұғынуында мәнерлеп оқудың да маңызы зор.Апталықтың соңғы күні үш тілде мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.Жеңімпаздар 6-сынып оқушысы Куаншпек Айғаным және 8-сынып оқушысы Бекенова Жансая марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/14Di29Qjq4L/>

"Ертеңінді ойласаң - есірткіге жолама"тақырыбында жоғарғы сынып оқушылармен сынып сағаты өткізілді. Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету. Ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер – темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға шақыру. Адамгершілік, имандылыққа тәрбиелеу. Ұйымдастырған әлеуметтік педагог Бекенова А.А.

<https://www.facebook.com/share/p/1AmW8QxuLi/>

"Қыз бала гигиенасы және ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбында 8 - сынып қыздармен тәрбие сағатты өткізілді . Мақсаты: қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз бала гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету ,өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру, қыздарды инабатты қыз болып өсуге баулу. Әлеуметтік педагог: Булатова О.З

<https://www.facebook.com/share/p/1C57CeHxnR/>

Мектебімізде Өзін өзі басқару ұйымы мектеп Парламенті ұйымдастыруымен "Жақсылық жасауға асығайық" тәтті жәрмеңкесі өткізілді ..
<https://www.facebook.com/share/r/15MaJrfNZR/>

Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері "Бір мақал-бір бауырсақ" челленджін ұйымдастырды. Ауыз әдебиетінің жарқын үлгісі саналатын мақал -мәтелді жалғастырған оқушылар мен ұстаздар ұлттық тағам бауырсақ таратылды .
Мақсаты-ұлттық құндылықтарды насихаттау және оларды өскелең ұрпақтың бойына сіңіру.
<https://www.facebook.com/share/r/12KoaWHUFZb>

Мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 5-7 сыныптар арасында "Болашаққа хат " шығарма жазудан челлендж өткізілді .
Мақсаты: Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойған жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу.
<https://www.facebook.com/share/p/19YAYB7Jom/>

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіз -елімнің ерлік жолы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.
Мақсаты: Өз Отанына туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып , елжандыққа , Ұлттың сүйеге , өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/18d8f5j1ME/>

Өзін өзі басқару ұйымының мүшелері ұйымдастыруымен 2-4 сыныптар арасында "Туған өлкем" атты тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. "Суицид және оның алдын алу жолдары " тақырыбында 5-9 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді.
Мақсаты: Оқушыларға өздері қоғамның болашағы екендігін, сол болашақтың тағдыры осы өздерінің қолдарында екендігін ұғындыру.
<https://www.facebook.com/share/p/18wddLtHnq/>

Мектебімізде дене шынықтыру пәні мұғалімі Булатова О.З. "Шаңғы шақырды" апталық аясында 5-9 сынып оқушылар арасында шаңғы тебуден фестивалі өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1AWepLgXLr/>

Досбол like акциясы аясында "Көңіл күй неге және кімге байланысты " тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.
<https://www.facebook.com/share/p/1CEgUh6YEJ/>

мектебімізде 6-9 сынып оқушылары арасында “Формула-математика тілі” тақырыбында интеллектуалды ойын-сайыс өткізілді. Сабақ Софья Ковалевскаяның формула жайлы айтқан даналық ойымен басталды.

"Математиканың өз тілі бар – ол формула". Өйткені барлық есептер математикада формула арқылы есептеледі. Оқушылар формулаларды оқуды, жазуды және есеп шығаруда пайдаланып, шешімдерін табуды білу барысында сауаттылыққа, ұқыптылыққа, өзін-өзі бағалай білуге, басқаларды тыңдай білуге, өзара көмек көрсетуге, ұйымшылыққа тәрбиелеу мақсаты жүзеге асырылды. <https://www.facebook.com/share/r/18p6sWSEwt/>

ЖЕКЕ ГИГИЕНА ТӘРТІБІН ҚҰРУ: КЕҢЕСТЕР МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

«Тазалық-денсаулық кепілі», «Жеке бас гигиенасын сақтау» тақырыптарында 5-7 сынып оқушыларымен медбике Темиргалиева Х.К ақпараттық сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу, жеке бас гигиенасын сақтау, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдану, жаман әдеттерден сақтану жолдарымен таныстыру.

<https://www.facebook.com/share/p/19MyxAFjV4/>

ДОСБОЛLike акциясы аясында "Көтеріңкі көңіл күй" ұранымен мектеп оқушылары арасында көңілді достар ойыны өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/r/1FhTAgwVRy/>

"ДОСБОЛLIKE Достық қолын ұсын" акция аясында 7-8 сыныптар арасында "Көңілді амандасу" тренингі өткізілді. Мақсаты: Адамгершілік тәрбиеге тоқталу арқылы оның ішінде сәлемдесу әдебінің маңызын аша отырып адамгершілік қасиеттерді

қалыптастыру. <https://www.facebook.com/share/r/1BwYTNZwDW/>

Мектебімізде Әбілхан Қастеев атамызға 120 жылға орай тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларды қазақтың саңылақ суретшісі Әбілхан Қастеев туралы білімдерін толықтырып, Суретшінің қыл қаламынан туған шығармаларын таныстыру. Оқушылардың тілдік, сөздік қорларын молайту, танымдық ойлау қабілеттерін арттыру. Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік арқылы эстетикалық тәрбие беру. Ұйымдастырған А Бекенова. <https://www.facebook.com/share/p/15e9XWNeiD/>

07.02 күні "Біржан салға 190 жыл" мерей тойға арналған тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: - Қазақ әдебиетінде, мәдениетінде аса ірі тұлғаның бірі XIX ғасырдағы қазақ ән өнерінің, сөз өнерінің ірі өкілі Біржан сал Қожағұлұлы өмірі мен шығармашылығы жайлы сыр шертеміз. - Өскелең ұрпақ бойында өнерге деген ықыласын шыңдаймын. Ұйымдастырған А.Бекенова

<https://www.facebook.com/share/r/1CGw5LWjCS/>

2024 жылдың ақпан айында 5-6 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысты. Мектебімізден 5 оқушы пәндер бойынша қатысты. Соның ішінде 6-сынып оқушысы Куанышпек Айғаным ағылшын тілі пәнінен 2-орынға ие болды. Жетекшісі Айгуль Аскеровна.

<https://www.facebook.com/share/p/19NT3SAyKE/>

Степняк қаласында 19 ақпан күні өткен "Жарқын болашақ" олимпиадасының аудандық кезеңіне 7-8сынып оқушылары қатысты. "Өнші-бұлбұлдар" номинациясы бойынша жүлделі ІІІ орынға Бүркітхан Мустафа ие болды .

<https://www.facebook.com/share/p/16N2gf7vgF/>

Мектебімізде мектеп парламенті "Алғыс айту" күніне орай Республикалық челленджді қабыл алды. <https://www.facebook.com/share/r/1BzjJ8s5Hk/>

Алғыс айту парызым " тақырыбында сынып сағаты өткізілді .
Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру;
үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыту;

әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу

<https://www.facebook.com/share/p/1EewTMkXu4/>

7- 9 сынып оқушылары арасында 29.02 күні 11;00 де " Алғыс айту - парызым ..." тақырыбында шығарма байқауы өткізілді

<https://www.facebook.com/share/r/1KpCi29u9p/>

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай "Наурыз бата"атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

2-4 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Сабақтың тақырыбы: «Ұл бала мен қыз баланың гигиенасы».Мақсаты: «Тазалық – саулық негізі» мақалының мәнін түсіндіре отырып әр оқушының ұқыпты болуына, жеке бас тазалығын, орта тазалығын сақтауына, салауатты өмір салтын ұстануына тәрбиелеу.Оқушылардың күн тәртібін дұрыс, тиімді пайдалануын қамтамасыз ету.

ҚОШ КЕЛДІҢ,ӘЗ-НАУРЫЗ!

мектебімізде Ұлыстың Ұлы күні наурыз мейрамы өткізілді оқушылар ұлттық нақышта киініп, салт-дәстүрден қойылымдар қойды, ән шырқап, би биледі, ұлттық ойындар ойнады. Үлкендер тарапынан бата-тілектер білдіріліп, шашу шашылып, келген қонақтырға сый таратылды. Қазақтың мәдениеті, өнері мен ұлттық салт-дәстүрі – ұлттың мәдени коды болып табылады. Бұл күн ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын, салт-дәстүрімізді дәріптейтін, қазақы болмысымызды айшықтайтын ерекше күн.

<https://www.facebook.com/share/r/1DUnYWzym4/>

Ұлттық киім» күні "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды насихаттау, ұлттық мәдениетті дәріптеу мақсатында әр аптаның жұма күні мектебімізде «Ұлттық киім» күні деп жарияланды. Ұлтымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, ежелден келе жатқан киім үлгісін жас ұрпаққа өнеге етіп көрсету әр қазақтың міндеті.

<https://www.facebook.com/share/r/1G7CUU2trs/>

Алға ауылының негізгі орта мектебінің директоры Каудановна К.К. медиа жоспар бойынша ата-аналарды өткізілген іс-шаралардың қорытындысымен таныстырып, оқушылардың жеткен жетістіктері туралы айтып өтті. Сөз соңында көктемгі қауіпсіздік туралы да айтылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1EhjyMBMX8/>

"Біз нашақорлыққа қарсымыз" атты тәрбие сағаты 7-8сынып оқушылар арасында өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты сақтау және зиянды заттардан аулақ болуға үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/1SfFgNGCWk/>

Өзін өзі басқару ұйымының мүшелерінің ұйымдастыруымен 6-8сынып оқушылар арасында "Біз өмірді таңдаймыз" атты сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттерден өзін және өзгелерді қорғай білуге үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/1AZW1pWVMg/>

“Ертеңді ойласаң есірткіге жолама” тақырыбында оқушыларға видеоролик көрсетілді. Сабәк мақсаты: адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған есірткінің, темекінің зиянын және улы екенін түсіндіре отырып саналыққа, салауатты өмірді таңдауға тазалыққа, лас істерден аулақ болуға жан сұлулығымен қатар тән сұлулығын сақтауға тәрбиелеу

<https://www.facebook.com/share/p/19A78bA76L/>

7-9 сынып оқушылары арасында "Су тасқыны"тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты:Су тасқыны туралы түсініктерін кеңейту,одан қорғану,көмек беру жолдарын меңгерту.

<https://www.facebook.com/share/p/1EmTLaUSWk/>

2-4 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Сабақтың тақырыбы: «Ғарыш әлемі» Сабақтың мақсаты: Оқушыларға ғарыш әлемі, ғарышкерлер күні туралы мағлұмат беру. Ғарыш әлеміне саяхат арқылы оқушылардың ғарыштың адам өміріндегі маңызы туралы білімін тереңдету.

Оқушылардың сөздік қорын көбейту, ой-өрісін, қиялын дамыту.

<https://www.facebook.com/share/p/16Pv92dBXH/>

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында: «Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді. Биыл әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125, даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толады» дей отырып, еліміз тарихында тағылымы зор тұлғалардың өмірі мен өнегесін насихаттау ісі тиісті деңгейде атқарылуы қажеттігін ескерткен еді.

Осы орайда,бүгін мектебімізде 10 сәуір күні 7-9 сынып оқушылары «Ел барда, ер ұмытылмайды» тақырыбында диктант жазды.

<https://www.facebook.com/share/p/1A5PFMurjD/>

12 - сәуір ғарышкерлер күніне орай 9 - сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың Отанына деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, қазақ тілінде таза сөйлеуге, сөздің мағынасын түсініп тапсырманы дұрыс орындауға баулу.

Ой - өрісін дамыта отырып, таным деңгейлерін кеңейту.

Еңбекқорлыққа, адамгершілікке, өз елінің батырларын құрметтеуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/18woWXa3KY/>

ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА" тұжырымдамасы аясында мектебімізде өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде "Шахмат ойнау" турнирі өткізілді.Мақсаты:оқушылардың шахмат ойынына деген қызығушылығын арттыру,логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

<https://www.facebook.com/share/p/1A1YHDyW4K/>

2 - сәуір ғарышкерлер күніне орай 5-9 сынып оқушылары арасында "Ғарыш әлеміне саяхат" атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.Мақсаты :

Оқушылардың Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру , еңбекқорлыққа , адамгершілікке , өз елінің батырларын құрметтеуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/16DPa3Lzj3/>

Көктемгі су тасқыны балалар үшін аса қауіпті, осыған байланысты 1-сыныпта көктемгі су тасқыны кезінде оқушыларды қауіпсіз мінез-құлық шараларымен таныстыру мақсатында сынып сағаты өткізілді. Су тасқыны туралы түсінік беру ,одан қорғану,көктемгі қауіпсіздік туралы түсіндіру.

<https://www.facebook.com/share/p/18qtvVERc3/>

125 жылдығына арналған “Қаныш Сәтбаев-Ұлы тұлға" атты 7-9 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.Ұйымдастырған қазақ тілі ,әдебиет пән мұғалімі Алия Амантаевна.Мақсаты: Аса көрнекті ғалым, геолог, мемлекет қайраткері, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушы, әрі оның тұңғыш Президенті, 1964 жылдан КСРО Ғылым Академиясының академигі, 1951 жылдан Тәжік Ғылым академиясының құрметті академигі болған. Қаныш Сәтбаевтың артында қалдырған ғылыми мұралары мен оқушыларды таныстыру. <https://www.facebook.com/share/p/1Bw8UDercB/>

1-сынып оқушыларымен "Жеке гигиена" тақырыбында сынып сағаты өтті.

Мақсаты : оқушыларға салауатты өмір салты, киімдерді күту туралы түсінік беру,жинақылыққа, жүйелілікке, ойды тұжырымдай білуге ,еңбек мәдениетіне, іскерлікке, ұқыптылыққа, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1AQkuPHYSu/>

8 - сынып оқушыларымен "Нашақорлықтың зияны және оның салдары " тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сабақтың басты мақсаты: жасөспірімдерді салауатты өмір салтын ұстануға үйрету, ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер-темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға шақыру, адамгершілік, имандылыққа тәрбиелеу болып табылады. Оқушылар өздерінің зиянды заттарға қарсы екенін, ұлтымыздың болашағы үшін салауатты өмір салтын ұстануын түсіндіру.

Адамгершілік, құқықтық тәрбие беру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1BUNEcEmRe/>

Нашақорлық пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-9 сыныптар арасында "Нашақорлық және құқықбұзушылық"тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді .Оқушылар нашақорлықтың зияны жайында әңгіме қозғады және нашақорлық пен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары жайында өздерінің ұсыныстарын ортаға салды.

<https://www.facebook.com/share/p/12JVUvZMxWg/>

Төрт тоқсан -төрт өнер жобасы бойынша "Туған өлкем"фестивалінің аясында 7-8сыныптар арасында "Бұл жер -сенікі және менікі" тақырыбында сайыс өткізілді.

Мақсаты: Туған өлкеміздің тарихын білу ,өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыру .Өз Отанын сүйіп халқымыздың әдет-ғұрып ,салт дәстүрін сақтап әрі қарай жалғастыруға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/15KxAczBDJ/>

1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай **"Бірлігі жарасқан қазақ елі"** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты:Оқушыларды Отаның сүйеге ,бірлікке,ел тарихын білуге,елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1ENuqRRjPY/>

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында 2-4сыныптар арасында "Ертегі оқып жарысайық"атты челленджі өткізілді.Мақсаты: Оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыра түсу.Ұқыптылыққа, жауапкершілікке,жақсыдан үйреніп,жаманнан жирене білуге тәрбиелеу. 29 сәуір күні, Біржан сал ауданы бойынша СЭС басшысы Мазах Ж. және бас маманы Имакова Г.А оқушыларға "вакцина және гигиена" тақырыбында дәріс өткізді.Оқушылардан вакцина туралы сауалнама алынды және гигиена ережелері туралы айтылды. <https://www.facebook.com/share/p/1GFAP2sMWk/>

1 - мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай 1- сынып оқушыларымен **"Бір шаңырақ астында "** атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

Ұйымдастырған : Курумбаева А.С.

<https://www.facebook.com/share/p/1GuCtG8qkn/>

7мамыр Отан қорғаушылар күніне орай

7-8сынып арасында **"Ер жігіт -ел қорғаны"** атты сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпақ ер балаларымыздың бойына ер балаға тән қасиеттерді қалыптастырып,елжандылыққа,бауырмалдыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/18zs7RBsMu/>

Алға ауылының негізгі орта мектебінде 6 – мамыр күні Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында **«Түлектердің ағаш егу»** челленджі 06.05.2024ж. сағат 11-00 – де бір мезгілде ұйымдастырылады. Мектеп бітіруші түлектер 9-сынып оқушылары мектептің

ауласына 6 көшет отырғызады.

<https://www.facebook.com/share/v/19MmsrGpkc/>

9 Мамыр Жеңіс күні қарсаңында 7-8сыныптар арасында **"Ұлы жеңіс күні" атты тәрбие сағаты өткізілді.**

Мақсаты: Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту. <https://www.facebook.com/share/p/1FwJxBHXhW/>

Өзін өзі басқару ұйымының мүшелерінің ұйымдастыруымен 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай 7-8сынып арасында "Ер жігітке жеті өнер де аз" атты сайыс өткізілді. <https://www.facebook.com/share/p/1CKUfdUJZ9/>

"Отанымызды қорғау - ардақты парызымыз" 9 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға Отан қорғаушылар күнінің мәні мен маңыздылығын түсіндіру. Оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту және нығайту. <https://www.facebook.com/share/p/15oH5Jn6Xh/>

2024 жылдың 11-мамыр күні Алға ауылының негізгі орта мектебі мұғалімдері мен мектеп қызметкерлері және мектеп оқушылары сенбілік жұмыстарын атқарды. Сенбілікте мектеп аумағы, алаңдардағы көшеттерді реттеп сонымен қатар әктеп, ағаш түбіндегі жапырақтарды, құрғақ шөп қалдықтарын тазартып, артық қоқыстарды түгелдей жинап шығарды.

<https://www.facebook.com/share/v/16PdCTGTXh/>

"Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ" - деп халық даналығында айтылғандай, табиғатты қорғау біздің міндетіміз, болашақ ұрпаққа қалдырар байлығымыз. Сондықтан табиғаттың жанашыры болу әр адамның міндетті борышы екенін біліп жүрейік!

2-4 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Сабақтың тақырыбы:

«Менің отбасым»

Сабақтың мақсаты:

Отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы мүшелерінің алатын орны туралы түсінік беру. Отбасы — әр адамның шағын Отаны. Оқушыларға әке — шеше, бауырдың қадірін түсіндіру.

Балалар әке — шешесінің қамқорлығына, сүйіспеншілігіне бөленіп, олардың дәулеті мен қызығын көріп қана қоймай, олардан адамгершілік қасиеттерін алып, жақсы қасиеттерді бойына сіңіру, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге баулу.

Оқушылардың бойына ата — анаға деген сүйіспеншілікті, құрмет сезімін ояту. Сыйластыққа, мейірімділікке, татулыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1Uz4hhRhPq/>

Алға ауылының негізгі орта мектебі жазғы демалыс қарсаңында ұйымдастырылып отырған "Мамыр-Бінтымақ айы "айлығы аясында" Демалыста кітап оқимыз" атты Республикалық буккроссинг бастады. Мақсаты: Мектеп оқушыларын кітап оқуға шақыру, кітапқа деген қызығушылықтарын арттырып, кітап ұсынымдар мен бөлісу.

ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

“Отбасы-ұлттың тірегі” атты жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды:

1. 2023-2024 оқу жылындағы оқу үлгерімі.
 2. Жазғы демалыс кезіндегі құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылық және жазғы уақытта қауіпсіздік (су, өрт, жарақат) буллинг, алдын алу.
 3. 2023-2024 оқу жылындағы оқушылар жетістіктері.
 4. 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесінің қорытындысы.
 5. Ата-аналар жиналысында келесі Біржан сал ауданы Участкелік инспектор полиция капитаны Муратов Б.М ата-аналар назарына жаз мезгіліндегі каникулда бала қауіпсіздігін басты назарда ұстауды жеткізді.
- Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша жауапты мамандар жұмыстар жүргізіп, ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналармен кері байланыс жүргізілді. Жиналыс соңында ата-аналар өз тараптарынан ұсыныстарын айтып, ой бөлісіп, қорытынды жасалды.

<https://www.facebook.com/shkola.alga/posts/pfbid0ysiNPPPhJF4HvXCwAdwwgYeDkZmvi6r3T9wms4KTxiXF26BoFPnKE4XAy44qaFQ1Dl>

1-4 сынып оқушыларымен жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі тәртіп ережелері туралы білімдерін жинақтау. Міндеттер: 1. Балаларды салауатты өмір салтын ұстану қажеттігіне сендіру. 2. Қауіпсіздік ережелері туралы балалардың білімдерін кеңейту. 3. Өз денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1AYHoWQDQG/>

БІЛІМІМ - ОТАНЫМА! мектебімізде сағат 09.00-де 5-9 сыныптарда «Білімім-Отаныма!» тақырыбында жалпыреспубликалық бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатының мақсаты - балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға құштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуге тәрбиелеу. Сынып сағаттар Әнұранмен басталып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің құттықтау сөзін тыңдалды. Сонымен қатар, «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында мектеп қабырғасындағы балалық шақтан болашаққа

қадамы туралы өз ойларын эссе етіп жазды. Тәрбие сабағынан кейін мектеп директоры К.Кауданова оқушыларды құттықтап, жыл мектепішілік жетістіктерімен марапаттады.

<https://www.facebook.com/reel/1021193976191013>